| <b>2ші таңғы ас</b> | Дәрумендердің атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> )                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                            |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                     |
|--------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b></p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b>Серуен</b>            | <p>Балалардың дербес әрекеті – шарды жоғары лақтыру</p> <p>Қимылды ойын – «Кім биік лақтырды»</p> <p>Бақылау, зерттеу – аспанның түсін байқау</p> <p>Еңбекке баулу – шарларды жинау</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | <p>Балалардың дербес әрекеті – алаңды аралау</p> <p>Қимылды ойын – «Бақа секіреді»</p> <p>Бақылау, зерттеу – шөп арасындағы жәндіктерді көру</p> <p>Еңбекке баулу – жәндіктерге зиян келтірмеу</p> | <p>Балалардың дербес әрекеті – құм пішіндерімен ойнау</p> <p>Қимылды ойын – «Торғайлар дән тереді»</p> <p>Бақылау, зерттеу – шөп арасындағы гүлдерді көру</p> <p>Еңбекке баулу – гүлге су құю</p> | <p>Балалардың дербес әрекеті – арба сүйреу</p> <p>Қимылды ойын – «Арба жарысы»</p> <p>Бақылау, зерттеу – алаңдағы түстерді ажырату</p> <p>Еңбекке баулу – арбаға жапырақ жинау</p> | <p>Балалардың дербес әрекеті – дөңгелек пен ойын машинасын итеру</p> <p>Қимылды ойын – «Көбелек ұшты», қолды сермеп көбелекше жүру</p> <p>Бақылау, зерттеу – аспандағы бұлттарды қарау</p> <p>Еңбекке баулу – құмдағы ойыншықтарды орнына жинау</p> |
| <b>Серуеннен оралу</b>   | <p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. <b>(дербес қимыл әрекеті).</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b>Түскі ас</b>          | <p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру</p> <p>балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> <p>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.</p> <p>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.</p> <p>Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.</p> <p>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p> |                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                     |

|                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                                                                                                                                          | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> )<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. ( <b>Музыка</b> )                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>                                                                                                             | <b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <b>Бесін ас</b>                                                                                                                                               | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b> |                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b> | <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Үстелді таза ұстауды үйрету<br><b>Сурет салу</b> Тік төртбұрыш сызықтар жүргізу «Үстелдің беті»<br><b>Мүсіндеу</b> Ермексайдан үстелге арналған кішкентай тәрелке жасау<br><b>Жапсыру</b> Фланелеграфқа үстел суретін қою                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | <b>Сурет салу</b> Тік сызық салу «Орындықтың аяғы»<br><b>Мүсіндеу</b> Ермексайдан орындықтың кішкентай бейнесін жасау<br><b>Жапсыру</b> Фланелеграфқа орындық суретін орналастыру | <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Төсегін жинау туралы әңгімелеу<br><b>Сурет салу</b> Тік төртбұрыш сызықтар «Төсек»<br><b>Мүсіндеу</b> Ермексайдан жастық жасау<br><b>Жапсыру</b> Фланелеграфқа төсек суретін қою | <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Киімді ұқыпты жинауға баулу<br><b>Сурет салу</b> Тік төртбұрыш пен сызықтар салу «Шкафтың есігі»<br><b>Мүсіндеу</b> Ермексайдан кішкентай киім жасау, шкафқа қою<br><b>Жапсыру</b> Фланелеграфқа шкаф пен киім суретін қою | <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> – Төсек, үстел, орындық, ойыншықтарды көрсету.<br><b>Сурет салу</b> – Доптың суретін салу.<br><b>Мүсіндеу</b> – Пластининнен алма/доп жасау.<br><b>Жапсыру</b> – Орындық суретін жапсыру. Қимылды ойын – «Ойыншықтарды жинайық». |

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                              |
|------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | «Аю оянды»<br>Тәрбиеші аюдың ойыншығын көрсетіп: «Уh-yh!» дейді.<br>Бала да аюша дыбыс шығарып, жайлап қимылдайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | «Қуыршақ жылады»<br>Тәрбиеші қуыршақты қолына алып: «Уа-уа!» дейді.<br>Балаға да сол дыбысты қайталауға мүмкіндік береді.                                  | «Жел соқты»<br>Тәрбиеші: «У-у-у» деп желдің дауысын салады.<br>Баламен бірге қолдарын жайып, жел соққандай қимылдайды.                                           | «Қой маңырады»<br>Тәрбиеші ойыншық қойды көрсетіп: «Мә-мә!» дейді.<br>Бала дыбысқа еліктеп, қимыл жасайды.                              | «Сау болайық»<br>Сабақ соңында музыка жай қосылады.<br>Тәрбиеші қолын бұлғап: «Сау бол!» дейді.<br>Бала да қол бұлғап, «а-а» дыбысын қайталайды.             |
| <b>Кешкі ас</b>              | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. Үстел басында дұрыс отыру, тамақты әбден жеу әдебін үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                              |
| <b>Серуенге дайындық</b>     | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. ( <b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b> |                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                              |
| <b>Серуен</b>                | «Қояндар мен сәбіздер»<br><b>Мақсаты:</b> Зейінді және қимыл ептілігін дамыту.<br><b>Шарты:</b> Алаңға «сәбіздер» (таяқшалар) қойылады.<br>«Қояндар» оларды жинайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | «Жануарларды құтқару»<br><b>Мақсаты:</b> Мақсатқа жету үшін шапшаң әрекет ету.<br><b>Шарты:</b> Жануар ойыншықтарын су аймағынан (сызық ішінен) алып шығу. | «Тордағы торғайлар»<br><b>Мақсаты:</b> Қозғалыс жылдамдығын арттыру.<br><b>Шарты:</b> Тор ішінде жүрген торғайлар тордан қашып шығуға тырысады, «мысық» ұстайды. | «Көңілді секіртпелер»<br><b>Мақсаты:</b> Секіру дағдысын дамыту.<br><b>Шарты:</b> Балалар жеке-жеке немесе топпен секіртпеден секіреді. | «Достық шеңбері»<br><b>Мақсаты:</b> Топтық бірлікті, көңіл-күйді көтеру.<br><b>Шарты:</b> Барлық бала қол ұстасып, ән айтып, қимылмен шеңбер бойымен жүреді. |
| <b>Серуеннен оралу</b>       | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                              |

|                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|--------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p> | <p>Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).</p> <p>Үйге келген соң, «Сағындым» деп құшақтаңыз, ол өзін маңызды сезінеді.</p> <p>Бүгінгі күнінен бір қызық нәрсені сұрап, бірге әңгімелесіңіз.</p> <p>Кешке қысқа серуен жасаңыз — ұйқысы жақсы болады.</p> <p>Ойыншығын бірге жинап қою — ұқыптылыққа үйретеді.</p> |
|--------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2025 жыл 1 апта

Білім беру ұйымы ЖШС «Samira» бөбекжай балабақшасы

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Тәрбиешілер: Баяубай С.Н.

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 29.09– 03.10.2025жыл

Апта дәйек сөзі:

**Қазан бірлік және ынтымақ айы**

**Мақсаты:** Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу

Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу

Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

| Күн тәртібі                                                                 | Дүйсенбі<br>29.09.2025 ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Сейсенбі<br>30.09.2025 ж | Сәрсенбі<br>01.10.2025ж | Бейсенбі<br>02.10.2025ж | Жұма<br>03.10.2025ж |
|-----------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------|-------------------------|-------------------------|---------------------|
| Балаларды қабылдау                                                          | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br><b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b><br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі</b>                                                             |                          |                         |                         |                     |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа занды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br><b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b><br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. |                          |                         |                         |                     |

|                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</b></p> | <p>«Жұпты суреттер»<br/><b>Міндеті:</b> Жемістердің атауларын (алма, алмұрт, апельсин, банан, өрік) білу және айту, түсі мен көлемін салыстыру, ұнатқан жемісін таңдап көрсету.<br/><b>Шарты:</b> Балаларға жемістер бейнеленген суреттер ұсынылады. Әр бала бір суретті таңдап алып, екінші жұбын табуы тиіс.<br/><b>Экологиялық мәдениет</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                               | <p>«Асықты іліп алып, түстерді тап»<br/><b>Міндеті:</b> Негізгі түстерді (қызыл, жасыл, сары, көк) тану, сәйкестендіру, орналастыру.<br/><b>Шарты:</b> Балалар үстел үстінен асық алып, оған сәйкес түсті табады және орнына қояды.<br/><b>Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> | <p>«Әжемнің ертегілері» (отбасылық фотосуреттерді қарастыру)<br/><b>Міндеті:</b> Туыстарын тану, атауларын айту, отбасы мүшелері жайлы қарапайым әңгімелеу.<br/><b>Шарты:</b> Балалар өз әжесінің, ата-анасының, бауырларының суреттерін көрсетіп, тәрбиешіге айтып береді.<br/><b>Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> | <p>«Үйшік құрастыр»<br/><b>Міндеті:</b> Балаларды бірлесіп әрекет етуге, «үй», «отбасы», «туыс» ұғымдарын түсінуге үйрету.<br/><b>Шарты:</b> Балалар тәрбиешімен бірге үйшікті құрастырады, құрастыру барысында отбасы туралы әңгімелеседі.<br/><b>Құрастыру әрекеті, коммуникативтік дағды</b></p> | <p>«Сиқырлы түстер» (интерактивті тақтамен)<br/><b>Міндеті:</b> Балалардың түстерді тануын, қозғалысын дамыту.<br/><b>Заманауи әдіс:</b> Интерактивті тақтада түрлі-түсті шеңберлер көрсетіледі.<br/><b>Шарты:</b> Тақтада қызыл, жасыл, көк дөңгелек пайда болғанда, балалар алаңда сол түсті «кілемшеге» жүгіріп тұрады.</p> |
| <p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>                                                                                                                     | <p>Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.<br/><b>Мақсаты:</b> Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br/><b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <p><b>Таңғы ас</b></p>                                                                                                                               | <p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br/><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |

|------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|--|------------------------------------------------------------------------------------|
|                        | Шарты: Балалар қолдарын қанатша жайып, құстарша ұшып жүреді. Тәрбиеші «Жерге қон!» дегенде, бәрі тоқтап, отыра қалады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | шашырап қашады, «Жел тынды!» десе, қайтадан орнына жиналады. | немесе себетке жинайды. Кім көп жапырақ жинайды – сол жеңімпаз. |  | береді. Балалар тез жүгіріп, ағаштың астына немесе белгіленген «үйшікке» тығылады. |
| Серуеннен оралу        | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).                                                                                                                                                                      |                                                              |                                                                 |  |                                                                                    |
| Балалардың үйге қайтуы | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) <b>Өнегелі 15 минут</b> |                                                              |                                                                 |  |                                                                                    |

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2025 жыл 2 апта

**Білім беру ұйымы ЖШС «Samira» бөбекжай балабақшасы**

**Тобы: «Балапан» кіші тобы**

Тәрбиешілер: Баяубай С.Н.

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 06.10– 10.10.2025жыл

Апта дәйек сөзі:

**Қазан бірлік және ынтымақ айы**

**Мақсаты:** Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу

Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу

Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

| Күн тәртібі                                                                                    | Дүйсенбі<br>06.10.2025 ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Сейсенбі<br>07.10.2025 ж                | Сәрсенбі<br>08.10.2025ж                                             | Бейсенбі<br>09.10.2025ж                              | Жұма<br>10.10.2025ж                             |
|------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау</b>                                                                      | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br><b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b><br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі</b>                                                             |                                         |                                                                     |                                                      |                                                 |
| <b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>             | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br><b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b><br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. |                                         |                                                                     |                                                      |                                                 |
| <b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық,</b> | <b>Ерте кәсіптік бағдар беру</b><br>«Кім немен жұмыс                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | <b>Құқықтық сауаттылық</b><br>Балаларға | <b>Адалдық әліппесі</b><br>«Адал бала – шындық айтады» «Адал бала – | <b>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»</b><br>«Арқан тарту» | <b>Қаржылық сауаттылық</b><br>Қарапайым жаттығу |

|                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|-------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары</b></p> | <p>істейді?»<br/>Дәрігер болса – «тыңдап жатырмын» деп құлаққап сияқты қимыл жасайды.<br/>Құрылысшы болса – «кірпіш қалап жатқандай» қолын қимылдатады.<br/>Аспаз болса – «қазан араластырып жатқандай» қозғалады. Балалар қимылды қайталайды.<br/>Музыка қосылғанда – бәрі қимылды жасайды, музыка тоқтағанда – бәрі қимылды тоқтатады.</p>                         | <p>көйлеу жаттығуы енгізіледі: «Ойна!» – тәрбиеші ойыншық машина береді.<br/>Бала «ойна» деп қайталайды.<br/>– «Ұйықта!» – тәрбиеші қуыршақты жатқызады.<br/>Балалар «ұйықта» дейді<br/>Әр бала өз құқығын көрсету үшін бір қимыл жасайды және қарапайым сөз айтады:<br/>– Доппен ойнап тұрған бала «Ойна!» дейді.<br/>– Қуыршақты құшақтаған бала «Ұйықта!» дейді.<br/>– Кітап ұстап тұрған бала «Оқы!» деп айтуға тырысады.</p> | <p>өзгенің затын алмайды» «Адал бала – біреудің затын қайтарып береді» деген қысқа ұрандарды балалармен бірге қайталау</p> | <p>(жеңілдетілген түрі)<br/>Мақсаты:<br/>Балаларды ұлттық ойындармен таныстыру;<br/>Бірлікке, күшті дұрыс жұмсауға баулу;<br/>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» екенін сезіндіру.<br/>Қажетті құралдар:<br/>Жұмсақ, жеңіл арқан (қатты емес, балаларға қауіпсіз).<br/>Ортаға сызық сызу.<br/>Балаларды екі топқа бөлу.<br/>Арқанның екі ұшын беріп:<br/>– «Біздің ата-бабамыз ойнаған ұлттық ойындардың бірі – арқан тарту. Бұл ойын бірлікті үйретеді. Ендеше, қай топ мықты екенін көрейік!» – деп бастайды.<br/>Белгі берілгенде екі топ арқанды тартады.<br/>Қай топ сызықтан қарсыласын өткізіп жіберсе – сол топ жеңімпаз.</p> | <p>сөздері:<br/>«Ал» – затты беру кезінде.<br/>«Бер» – ақша беру кезінде.<br/>«Маған» – қалаған затты көрсеткенде.<br/>«Рахмет» – алған кезде.<br/>Балалар ақша мен заттың алмасу принципін түсінеді.<br/>«Ал, бер, рахмет» сияқты жеңіл сөздерді қолдануға дағдыланады.<br/>Кезек күту, алмасу, әдепті болуды ойын арқылы меңгереді.</p> |
| <p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>                            | <p>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату<br/>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br/>Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |

|                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|---------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                             | <p>күйлердің сүйемелдеуімен орындау. <b>Мақсаты:</b> Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| <b>Таңғы ас</b>                             | <p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> | <p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру</p> <p>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері</p> <p><b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| <b>Кестеге сәйкес ҰІӨ</b>                   | <p><b>«Менің үйім және көшем»</b></p> <p><b>Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b></p> <p>Балаларды өз есімін айтуға үйрету</p> <p>«Біздің көше» туралы қысқа әңгіме оқу (тәрбиешінің айтуымен тыңдайды)</p> <p>Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу</p> <p><b>Танымдық әрекет,</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | <p><b>Дене тәрбиесі</b></p> <p><b>Кіріспе</b></p> <p><b>бөлім:</b> Балалар таянышқа сүйеніп тартылып көтеріледі. Бұл қол және арқа бұлшық еттерін шынықтырады.</p> <p><b>Негізгі қимыл:</b> Өртүрлі бағытта жүреді: алға, артқа, жанға. Кеңістікті бағдарлау қабілеттері дамиды.</p> <p><b>Ырғақтық</b></p> | <p><b>Музыка</b></p> <p><b>«Фортепиано дыбысы»</b></p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі</b></p> <p>Балаларды күлімдеп қарсы алу. «Қош келдіңдер!» әнін бірге айту.</p> <p><b>Музыка тыңдау</b></p> <p>Фортепиано әуенін тыңдату. Дыбыстың нәзік, жұмсақ екенін сезіндіру.</p> <p><b>Ән айту</b></p> <p>Педагог «ла-ла-ла», «до-ре-ми» дыбыстарын ойнап айтып, балаларға қайталату.</p> | <p><b>«Достарыммен бірге»</b></p> <p><b>Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b></p> <p>«Достар» тақырыбында әңгімелесу</p> <p>Таныс тақпақтарды қайталау</p> <p>Қуыршақтарға арнап бесік жырын айту</p> <p><b>Танымдық әрекет, сенсорика</b></p> <p>Өртүрлі көлемдегі заттарды салыстыру және топтастыру</p> <p>Жұмсақ ойыншықтарды сипап, көлемін сезіну</p> <p><b>Құрастыру</b></p> <p><b>шығармашылық</b></p> | <p><b>Дене тәрбиесі</b></p> <p><b>Кіріспе</b></p> <p><b>бөлім:</b> Өкшемен жүреді. Бұл табанның әр бөлігін шынықтырады.</p> <p><b>Негізгі қимыл:</b> Белгі бойынша жүгіреді және жүреді. Жүріспен жүгіруді алмастыру қабілеттерін дамытады.</p> <p><b>Ырғақтық жаттығу:</b> Музыка ырғағына сәйкес қадамдарын тездетіп және баяулатады.</p> <p><b>Ұлттық</b></p> |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                |                                                                                                                              |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p><b>сенсорика</b><br/>Түрлі түстегі ойыншықтарды көрсету және топтастыру (қызыл, көк, сары)<br/>Үлкен және кіші ойыншықтарды ажырату<br/><b>Құрастыру шығармашылық әрекеті</b><br/>Ірі құрылыс бөлшектерінен өз көшемізді Құрастыру шығармашылық әрекеті (жол, үй)</p> | <p><b>жаттығу:</b> Музыкаға сәйкес иықпен қимылдайды. Бұл жаттығу арқа және иық буынын дамытады.<br/><b>Ұлттық ойын:</b> «Алтын сақа». Балалар ептілік пен жылдамдықты дамытады.<br/><b>Сауықтыру шарасы:</b> Салқын сумен беттерін шайып, сергітеді.</p> | <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</b><br/>Қолдарын пианино ойнағандай қимылдату, алақандарын кезекпен шапалақтау. Жартылай отырып, қайта тұру.<br/><b>Қоштасу кезеңі</b><br/>Жұмсақ әуенмен тынышталу, «Сау бол» әнін бірге айту.<br/><b>Дене тәрбиесі</b><br/><b>Кіріспе бөлім:</b> Балалар орнында тұрып жүреді, тізелерін бүгіп көтеріледі.<br/><b>Негізгі қимыл:</b> Жүру барысында белгі бойынша тоқтап отырып қалады. Бұл тыңдауды, ептілікті дамытады.<br/><b>Ырғақтық жаттығу:</b> Музыкаға қолдарын бұлғап қимылдайды.<br/><b>Ұлттық ойын:</b> «Соқыр теке». Балалар зейінін, қырағылығын арттырады.<br/><b>Сауықтыру шарасы:</b> Таза ауада</p> | <p><b>әрекеті</b><br/>«Достарға арналған ойын алаңы» Құрастыру шығармашылық әрекеті<br/>Құмнан төбешік жас</p> | <p><b>ойын:</b> «Айгөлек». Балалар ән салып, топпен бірге ойнайды.<br/><b>Сауықтыру шарасы:</b> Күн көзінде серуендейді.</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | қозғалыс ойынын ойнайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|  |  | «Біздің ауламыз»<br>Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет<br>«Қуыршақты бесікке бөлейік» ойынын ойнату<br>Балаларға бесік жырын тыңдату және эмоция арқылы қабылдауға үйрету<br>Танымдық әрекет, сенсорика<br>Пішіндермен жұмыс (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрышты салыстыру)<br>Пішіндерді сәйкес тесіктерге орналастыру<br>Құрастыру шығармашылық әрекеті<br>Құрылыс бөлшектерінен | «Көлік түрлері»<br>Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет<br>Көлік туралы тақпақтарды тыңдау және қайталау<br>Балалармен бірге өлең айту<br>Танымдық әрекет, сенсорика<br>Ойыншық көліктерді түсіне қарай бөлу (қызыл, көк, жасыл)<br>Үлкен және кіші машиналарды салыстыру<br>Құрастыру шығармашылық әрекеті<br>Пластмассадан жол және көпір жасау<br>Машиналарды жолға орналастыру | «Достарыммен бірге»<br>Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет<br>«Достар» тақырыбында әңгімелесу<br>Таныс тақпақтарды қайталау<br>Қуыршақтарға арнап бесік жырын айту<br>Танымдық әрекет, сенсорика<br>Өртүрлі көлемдегі заттарды салыстыру және топтастыру<br>Жұмсақ ойыншықтарды сипап, көлемін сезіну<br>Құрастыру шығармашылық әрекеті<br>«Достарға арналған ойын алаңы» Құрастыру шығармашылық әрекеті<br>Құмнан төбешік жасау | «Таза көше – әдемі қала»<br>Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет<br>«Тазалық – саулық» туралы әңгіме жүргізу<br>Қарапайым өлеңдерді қайталау, ән айту<br>Танымдық әрекет, сенсорика<br>Тазалық құралдарын (щетка, шелектің суреті) көрсету<br>Ойыншықтарды таза және кір деп бөлу<br>Құрастыру шығармашылық әрекеті<br>Кірпіштерден қоршау жасау<br>Қарапайым көпір Құрастыру шығармашылық әрекеті |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                             |
|--------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | орындық,<br>кішкентай аула<br>жасау                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>2ші таңғы ас</b>      | Дәрумендер тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> )                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b><br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>    |                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>Серуен</b>            | «Жел мен бұлт» ♣<br>Дербес<br><b>әрекет:</b> бормен сурет салу<br><b>Қимылды ойын:</b> «Жел соғады, ағаш шайқалады»<br><b>Бақылау:</b> Бұлттардың қозғалысын қадағалау<br><b>Еңбекке баулу:</b> Балабақша ауласын жинастыруға қатысу                                                                                                                                                                                                                                                                                   | «Күзгі аллея» ♠<br>Дербес<br><b>әрекет:</b> машинамен ойнау<br><b>Қимылды ойын:</b> «Жапырақ пен ойнаймыз»<br><b>Бақылау:</b> Жолдағы ағаштарды қарау<br><b>Еңбекке баулу:</b> Құлаған бұтақтарды жинау | «Құстарға ұя жасаймыз» ♡<br>Дербес<br><b>әрекет:</b> ағаш бұтақтарын жинау<br><b>Қимылды ойын:</b> «Құстар ұшты – ұшпады»<br><b>Бақылау:</b> Құстардың қимылын бақылау<br><b>Еңбекке баулу:</b> Ұя жасауға жапырақ жинау | «Күзгі әуен» ♪<br>Дербес<br><b>әрекет:</b> аспаптармен дыбыс шығару<br><b>Қимылды ойын:</b> «Қарлығаш ұшты»<br><b>Бақылау:</b> Жел дыбысын тыңдау<br><b>Еңбекке баулу:</b> Ағаш түбін тазалау | «Алтын күз» 🍂<br>Дербес<br><b>әрекет:</b> жапырақтардан сурет құрастыру<br><b>Қимылды ойын:</b> «Желмен билеу»<br><b>Бақылау:</b> Күннің қысқарып бара жатқанын айту<br><b>Еңбекке баулу:</b> Сүрткішпен орындықтарды сүрту |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары | Эксперименталды қ әрекет: «Құмда ойнаймыз»<br><b>Шарты:</b> Құм салынған ыдыста балалар қасықпен немесе қолымен құмды қазып, ыдысқа салады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Бейнелеу әрекеті «Алақан іздері»<br><b>Шарты:</b> Бала алақанына су немесе бояу жағып, қағазға басып із қалдырады. | Қимылды ойын: «Қарлығаштар ұшады»<br><b>Шарты:</b> Балалар тәрбиешімен бірге қолын жайып қанат қағып бөлмеде айналып жүреді. | Танымдық әрекет «Қайда жасырынды?»<br><b>Шарты:</b> Тәрбиеші ойыншықты жастықтың астына жасырады, балалар табуға тырысады. | Коммуникативтік дағды «Кімнің даусы?»<br><b>Шарты:</b> Бір бала қолымен беті жабылып дыбыс шығарады, басқалары кім екенін табады. |
| Ертеңгілік жаттығу                                                                                                                    | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. <b>Мақсаты:</b> Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br><b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b> |                                                                                                                    |                                                                                                                              |                                                                                                                            |                                                                                                                                   |
| Таңғы ас                                                                                                                              | Таңғы ас алдында колдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>                 |                                                                                                                    |                                                                                                                              |                                                                                                                            |                                                                                                                                   |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық                                                                                                  | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br><b>Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                    |                                                                                                                              |                                                                                                                            |                                                                                                                                   |
| Кестеге сәйкес ҰІӨ                                                                                                                    | «Күз келді»<br>Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет<br>Күз туралы өлең                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Дене тәрбиесі<br>Кіріспе бөлім: Жеңін өздігінен тұру. Өзін-өзі күту дағдысын дамыту.                               | «Көңілді ырғақтар»<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Балаларды әуенмен қарсы алу,<br><b>Музыка тыңдау</b><br>Жылдам және баяу         | «Жемістер әлемі»<br>Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет<br>Алма, алмұрт туралы                        | Дене тәрбиесі<br>Кіріспе бөлім: Орнында жүру.<br><b>Негізгі қимыл:</b> Белгі бойынша тоқтау.<br><b>Ырғақтық</b>                   |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>тыңдату</p> <p>Қарапайым сөздерді қайталау («күз», «жапырақ», «жаңбыр»)</p> <p><b>Танымдық әрекет, сенсорика</b></p> <p>Жапырақтарды қолмен ұстап көру, түсін ажырату</p> <p><b>Құрастыру шығармашылық әрекеті</b></p> <p>Ірі құрылыс материалдарынан «үйдің ауласын»</p> <p>Құрастыру шығармашылық әрекеті</p> | <p><b>Негізгі қимыл:</b> Жүру кезінде қолды жоғары ұстап жүреді.</p> <p><b>Ырғақтық жаттығу:</b> Музыка ырғағына сәйкес оңға-солға еңкею.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b> «Соқыр теке».</p> <p><b>Сауықтыру шарасы:</b> Таза ауада қозғалыс ойыны.</p> <p><b>«Алтын жапырақтар» Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b></p> <p>«Сары ала жапырақ» өлеңін тыңдау</p> <p>Жапырақ туралы сөздерді айтуға үйрету</p> <p><b>Танымдық әрекет, сенсорика</b></p> <p>Жапырақтарды көлеміне қарай бөлу (үлкен – кіші)</p> <p><b>Құрастыру шығармашылық әрекеті</b></p> | <p>әуендерді тыңдатып, «қайсысы жылдам, қайсысы баяу?» деп сұрау.</p> <p><b>Ән айту</b></p> <p>Педагогпен бірге «ба-ба», «ма-ма», «на-на» сияқты буындарды ырғақпен айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</b></p> <p>Әуенге сай қолды шапалақтап, аяқпен бірге тарсылдату.</p> <p>Әуен жылдамдағанда – жүгіру, баяулағанда – жүру.</p> <p><b>Қоштасу кезеңі</b></p> <p>Баяу әуенмен тынышталу, педагогпен бірге қол бұлғап қоштасу.</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b></p> <p><b>Кіріспе бөлім:</b> Қолды жоғары созып, бұлшық еттерді керу.</p> <p><b>Негізгі қимыл:</b> Топпен қатар жүру.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b> «Айгөлек».</p> <p><b>Сауықтыру шарасы:</b> Серуен кезінде күн сәулесімен шынығу.</p> | <p>әңгімелеу</p> <p>Жемістер туралы тақпақ айту</p> <p><b>Танымдық әрекет, сенсорика</b></p> <p>Алма мен алмұртты қолға ұстап көру, иісін сезу</p> <p><b>Құрастыру шығармашылық әрекеті</b></p> <p>Жемістерді қорапқа жинау ойыны</p> <p><b>«Көкөністер бағында» Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b></p> <p>Картоп, сәбіз, қияр туралы айту</p> <p>Қысқа тақпақтарды қайталау</p> <p><b>Танымдық әрекет, сенсорика</b></p> <p>Көкөністердің қаттылығын, пішінін сипап көру</p> <p><b>Құрастыру шығармашылық әрекеті</b></p> <p>Көкөністерді сақтайтын қорап жасау</p> | <p><b>жаттығу:</b> Музыкаға қолдарын шапалақтау.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b> «Қуыр-қуыр, қуырмаш».</p> <p><b>Сауықтыру шарасы:</b> Қол жуу, сұрту.</p> <p><b>«Күзгі жаңбыр» Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b></p> <p>«Жаңбыр жауды» өлеңін тыңдату</p> <p>Жаңбыр туралы сөздерді қайталау</p> <p><b>Танымдық әрекет, сенсорика</b></p> <p>Су құю ойыны, ыдысқа су толтыру</p> <p><b>Құрастыру шығармашылық әрекеті</b></p> <p>Пластмассадан көпір</p> <p>Құрастыру шығармашылық әрекеті</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  |  |  |
|--------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
|                          | Қағаз<br>жапырақтардан<br>ағаш Құрастыру<br>шығармашылық<br>әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |  |
| <b>2-ші таңғы ас</b>     | Дәрумендердің атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |  |  |  |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b><br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |  |
| <b>Серуен</b>            | <b>Қазан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |  |  |  |
| <b>Серуеннен оралу</b>   | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. <b>(дербес қимыл әрекеті).</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |  |  |
| <b>Түскі ас</b>          | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b><br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b> |  |  |  |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>     | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b><br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. <b>(Музыка)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |  |  |  |

|                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                         |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b></p>                                                                                                              | <p><b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</p>                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                         |
| <p><b>Бесін ас</b></p>                                                                                                                                               | <p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> |                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                         |
| <p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b></p> | <p><b>Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/>Күз мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістерді көрсету<br/><b>Сурет салу</b><br/>Сары, қызыл түсті бояулармен жапырақтарды бояу<br/><b>Жапсыру</b><br/>Фланелеграфқа күзгі жапырақтарды орналастыру</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | <p><b>Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/>Күзде жапырақтардың түсуін бақылау<br/><b>Сурет салу</b><br/>Ашық түстермен жапырақтарды бояу<br/><b>Жапсыру</b><br/>Жапырақ пішіндерін фланелеграфқа жапсыру</p> | <p><b>Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/>Жемістердің дәмі мен түсін ажырату<br/><b>Сурет салу</b><br/>«Алма бағы» тақырыбында сурет бояу<br/><b>Жапсыру</b><br/>Қағаздан жасалған жемістерді себетке орналастыру</p> | <p><b>Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/>Күзде бақшада өсетін көкөністерді тану<br/><b>Сурет салу</b><br/>«Сәбіз бен қырыққабат» тақырыбында суретті бояу<br/><b>Жапсыру</b><br/>Көкөністердің суреттерін жапсыру</p> | <p><b>Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/>Жаңбырдан кейінгі табиғатты бақылау<br/><b>Сурет салу</b><br/>«Жаңбыр астында» тақырыбында көк бояумен сызықтар жүргізу<br/><b>Жапсыру</b><br/>Қағаздан тамшылар жапсыру</p> |
| <p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>                                                                                                                                  | <p>«Саусақпен сурет сал»<br/><b>Мақсаты:</b> Ұсақ моториканы, қиялды дамыту.<br/><b>Шарты:</b> Қағаз бен саусақ бояуларын беріп, еркін сурет</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <p>«Жануар қалай дыбыстайды?»<br/><b>Мақсаты:</b> Есту және сөйлеу қабілетін дамыту.<br/><b>Шарты:</b> Жануардың суретін көрсетіп, «мысық қалай</p>                                                                          | <p>«Көліктерді жүргіз»<br/><b>Мақсаты:</b> Ірі моторика мен қиялды дамыту.<br/><b>Шарты:</b> Машиналарды еденде жүргізіп, дыбысын салу.</p>                                                                                            | <p>«Шарды үрлеу»<br/><b>Мақсаты:</b> Дем алу жүйесін жаттықтыру, сөйлеу мүшелерін дамыту.<br/><b>Шарты:</b> Балаға шарды үрлету немесе сабын көпіршігін үрлеу.</p>                                                                      | <p>«Құрастыр да құлат»<br/><b>Мақсаты:</b> Себеп-салдарды түсіну, қол икемін дамыту.<br/><b>Шарты:</b> Кубиктен мұнара құрып, кейін оны құлатуды ұсыну.</p>                                                                             |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                     |
|--------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          | салдыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | дыбыстайды?» деп сұрау, балаға дыбысты қайталатқызу.                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                     |
| <b>Кешкі ас</b>          | <b>Гигиеналық дағдылар:</b><br>Мақсат-міндеттері: балалардың назарын үстел бетіне, ыдыс-аяққа тағамға аудару; жағымды көңіл-күй тудыру; тамақтану мәдениетімен таныстыру, қасықты дұрыс ұстауға машықтандыру, тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууға дағдыландыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                     |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. ( <b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b> |                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                     |
| <b>Серуен</b>            | <b>«Құмырсқалар жұмысқа»</b><br><b>Мақсаты:</b> Ұжымшылдыққа, еңбек сүйгіштікке баулу.<br><b>Шарты:</b> Балалар бір-біріне таяқшаларды немесе кішкене ойыншықтарды беріп, «құмырсқа» сияқты қатар жүріп жүреді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <b>«Үйшікке жиналайық»</b><br><b>Мақсаты:</b> Жылдамдық, ұйымшылдық дағдыларын дамыту.<br><b>Шарты:</b> Белгі берілгенде балалар белгіленген «үйшікке» тез жиналып, қайтадан тарқайды. | <b>«Құстар жылы жаққа ұшты»</b><br><b>Мақсаты:</b> Ұжымдық қимылды дамыту, табиғатты сезінуге тәрбиелеу.<br><b>Шарты:</b> Балалар тізбектеліп, қанат қағып жылы жаққа ұшқандай қимыл жасайды. | <b>«Қарлығаштар ұшады»</b><br><b>Мақсаты:</b> Ептілік пен жылдамдықты дамыту.<br><b>Шарты:</b> Балалар шеңбер бойымен шапқылап, қолдарын қағып ұшады. | <b>«Күзгі бақша»</b><br><b>Мақсаты:</b> Еңбекке баулу, моторикасын дамыту.<br><b>Шарты:</b> Балалар жердегі ойыншық жемістерді, жапырақтарды жинап, себетке салады. |
| <b>Серуеннен оралу</b>   | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                     |

|                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p> | <p>Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) <b>Өнегелі 15 минут</b></p> |
|--------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Қазан айы 2025 жыл 5 апта**

**Білім беру ұйымы ЖШС «Samira» бөбекжай балабақшасы**

**Тобы: «Балапан» кіші тобы**

Тәрбиешілер: Баяубай С.Н.

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 28.10– 31.10.2025жыл

Апта дәйек сөзі:

**Қазан бірлік және ынтымақ айы**

Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу

Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу

Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

| <b>Күн тәртібі</b>                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <b>Сейсенбі<br/>28.10.2025 ж</b> | <b>Сәрсенбі<br/>29.10.2025ж</b> | <b>Бейсенбі<br/>30.10.2025ж</b> | <b>Жұма<br/>31.10.2025ж</b> |
|------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|---------------------------------|---------------------------------|-----------------------------|
| <b>Серуеннен оралу</b>        | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                      |
| <b>Балалардың үйге қайтуы</b> | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                      |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                    |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) <b>Өнегелі 15 минут</b> |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Қараша айы 2025 жыл 1 апта**

**Білім беру ұйымы ЖШС «Samira» бөбекжай балабақшасы**

**Тобы: «Балапан» кіші тобы**

Тәрбиешілер: Баяубай С.Н.

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 03.11– 07.11.2025жыл

Апта дәйек сөзі:

**Қараша – әділдік және жауапкершілік айы**

Жауапты болу

Уәделерді орындай білу

Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну

| <b>Күн тәртібі</b>                                                                 | <b>Дүйсенбі<br/>03.11.2025 ж</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <b>Сейсенбі<br/>04.11.2025 ж</b> | <b>Сәрсенбі<br/>05.11.2025ж</b> | <b>Бейсенбі<br/>06.11.2025ж</b> | <b>Жұма<br/>07.11.2025ж</b> |
|------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|---------------------------------|---------------------------------|-----------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау</b>                                                          | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br><b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b><br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі</b>                                                             |                                  |                                 |                                 |                             |
| <b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b> | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br><b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b><br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. |                                  |                                 |                                 |                             |

|                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                 |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | Танымдық әрекет – «Кім бұл?» ойыны арқылы балаларға отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетіп, ана, әке, аға, әпке деп атауды үйрету                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Музыкалық әрекет – «Анашым» әнін тыңдап, қарапайым қимылдармен бірге орындау.                                                                         | Коммуникативтік дағды– «Сәлемдесу шеңбері» ойыны арқылы балаларды бір-бірімен амандасуға, есімдерін атауға үйрету.                                                    | Шығармашылық әрекет – саусақ бояуларымен «Менің отбасым» тақырыбына сурет салу.                                                                                                                                     | Қимылдық әрекет – «Қоян секіреді» ойыны арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.                                                                                                                                |
| Ертеңгілік жаттығу                                                                                                                     | Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. <b>Міндеті:</b> Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br><b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                 |
| Таңғы ас                                                                                                                               | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b> |                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                 |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық                                                                                                   | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br><b>Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                 |
| Кестеге сәйкес ҮІӨ                                                                                                                     | Менің атым кім?<br><b>Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет әрекеті:</b><br>– Тәрбиеші балалармен амандасады, өз атын айтады:<br>«Менің атым –                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | <b>Дене тәрбиесі</b><br>Тәрбиеші балаларды көңілді әуенмен қарсы алады.<br>Балалар дөңгелене тұрып, бір-біріне қол бұлғайды.<br><b>Негізгі қимыл:</b> | <b>Музыка</b><br>Көңілді құстар<br><b>Ұйымдастыру кезеңі</b><br>Балаларды шеңберге жинап, жылы дауыспен амандасу.<br>Қол соғып, жеңіл ырғақпен «Сәлем, достар!» деген | Менің отбасым<br><b>Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет әрекеті:</b><br>– Отбасы мүшелерін атау: ана, әке, аға, әпке.<br>– Қысқа әңгіме тыңдау: «Анашым мен әкем».<br><b>Танымдық әрекет,</b> | <b>Дене тәрбиесі</b><br>Балалар қатарға тұрып, әуенмен сергітеді.<br><b>Негізгі қимыл:</b><br>Аяқтың ұшымен жүру, ирек сызық бойымен жүру, белгіде тоқтау.<br><b>Ырғақтық жаттығу:</b><br>«Аяқ ұшымен жүріп өт, |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Айгүл. Ал сенің атың кім?»</p> <p>– Балалар өз атын естіп, қимылмен көрсетеді.</p> <p>– Олең оқу:</p> <p>Менің атым – Балнұр,<br/>Мен күндеймін жарқыр!</p> <p><b>Танымдық әрекет, сенсорика әрекеті:</b></p> <p>– «Кімнің белгісі?» ойыны: әр бала өзіне көрсетілген түрлі түсті карточканы табады.</p> <p>– Түстерді ажырату (қызыл, сары, көк).</p> | <p>Қолды жоғары, алға, екі жаққа көтеріп-түсіру; аяқ ұшымен жүру; шеңбер бойымен жүру.</p> <p><b>Ырғақтық жаттығу:</b></p> <p>«Қолды көтер, төмен түсір, Шеңберменен жүріп өт!»</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «<i>Кім тез табады?</i>» — тәрбиеші «тоқта!» дегенде балалар қатып қалады.</p> <p>Мен және менің бейнем</p> <p><b>Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет әрекеті:</b></p> <p>– «Кім айнада тұр?» ойыны.</p> <p>– «Мұрын қайда? Көз қайда?» сұрақтарына жауап беру.</p> <p>– Олең оқу:</p> <p>Көзім көреді,<br/>Құлағым естиді,</p> | <p>сөздерді айту.</p> <p><b>Музыка тыңдау</b></p> <p>Көңілді және баяу екі түрлі әуен тыңдатылады (мысалы, «Құстар әні» және тыныш аспаптық әуен).</p> <p>Тәрбиеші: «<i>Бұл әуен көңілді ме, әлде жай ма?</i>» деп сұрап, балалардың қимыл арқылы жауап беруіне мүмкіндік береді.</p> <p><b>Ән айту</b></p> <p>Педагог жеңіл әуенмен «Құстар ұшады» әнін айтады.</p> <p>Балалар жеке буындар мен сөздерді қайталайды («пи-пи», «құстар» т.б.).</p> <p>Дауыс ырғағына еліктеу арқылы бірлесе ән айтуға үйретіледі.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар</b></p> <p>Музыканың сүйемелдеуімен шеңбер бойымен жүру.</p> <p>Көңілді әуен кезінде</p> | <p><b>сенсорика әрекеті:</b></p> <p>– Отбасы суреттерін салыстыру (үлкен-кішкентай).</p> <p>– Түстер арқылы отбасы мүшелерін белгілеу.</p> | <p>Түзу жолмен қадам бас!»</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «<i>Қояндар секіреді</i>» — балалар қоян сияқты секіріп ойнайды.</p> <p>Менің сүйікті ісім</p> <p><b>Коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет әрекеті:</b></p> <p>– «Мен не істеймін?» ойыны (ойнау, жүгіру, билеу).</p> <p>– Олең оқу:</p> <p>Ән айтамын, билеймін,<br/>Қуанып мен күлемін.</p> <p><b>Танымдық әрекет, сенсорика әрекеті:</b></p> <p>– Түстерді ажырату: қызыл, көк, жасыл.</p> <p>– Түрлі пішіндерді топтастыру (доп, куб).</p> |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|               |                                                                                                                           |                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |  |
|---------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
|               |                                                                                                                           | <p>Атымды айтса,<br/>Жымыып<br/>күлемін.</p> <p><b>Танымдық әрекет, сенсорика әрекеті:</b><br/>– Дөңгелек пен сопақты салыстыру.<br/>– Бет бейнеге ұқсас пішіндерді табу.</p> | <p>қолды жайып,<br/>«ұшқан» сияқты жүру.</p> <p><b>Қоштасу кезеңі</b><br/>Баяу әуен ойналады.<br/>Балалар қол бұлғап: «<i>Сау бол, құстар!</i>» дейді.</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b><br/>Тәрбиеші балаларға: «Бүгін денемізді қимылдатамыз!» дейді.</p> <p><b>Негізгі қимыл:</b><br/>Иық пен білекті айналдыру, қолды айқастырып жазу, қол ұстасып жүру.</p> <p><b>Ырғақтық жаттығу:</b><br/>«Бір, екі – иықты айналдыр,<br/>Үш, төрт – қолыңды соз!»</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «<i>Жел соғады</i>» — тәрбиеші бағыт көрсетеді, балалар жел бағытымен жүгіреді.</p> |  |  |
| 2-ші таңғы ас | Дәрумендер тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар) |                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |  |

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Серуенге дайындық | <p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b></p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Серуен            | <p>Дербес әрекет:</p> <p>Балаларға алаңда еркін жүруге, айналаны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Бақылау: Аспанды бақылау.</p> <p>Бұлттардың қозғалысын қарау.</p> <p>Еңбекке баулу: Алаңдағы ұсақ бұтақтарды жинау.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Жел соғады» — тәрбиеші желді бейнелеп, балалар қолдарын сермеп, бас киімдерін ұстайды.</p>                                                                                                                                                                                      | <p>Дербес әрекет:</p> <p>Арбамен немесе ойын көліктерімен жүру.</p> <p>Бақылау: Ағаш бұтақтарындағы қалған жапырақтарды қарау.</p> <p>Еңбекке баулу: Топ ауласындағы жапырақтарды сыпыруға көмектесу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Қояндар секіреді» — тәрбиеші секіруді көрсетеді, балалар қоянша секіреді.</p> | <p>Дербес әрекет: Допты домалату, ұстауға тырысу.</p> <p>Бақылау: Құстардың ұшуын бақылау.</p> <p>«Қарашы, торғайлар ұшып барады».</p> <p>Еңбекке баулу: Құстарға жем салғышқа нан үгіндісін салу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Құстар ұшып кетті» — тәрбиеші құс атын атайды, балалар қолдарын жайып ұшқандай</p> | <p>Дербес әрекет: Кішкентай арбамен серуендеу, қуыршақты арбаға салу.</p> <p>Бақылау: Желдің қалай соғып тұрғанын сезіну.</p> <p>Балаларға қолдарын желге тосып көру.</p> <p>Еңбекке баулу: Құм алаңын тазалау (жапырақ пен бұтақтардан).</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Жел мен ағаштар» — тәрбиеші «жел соқты» десе, балалар қолдарын бұлғайды.</p> | <p>Дербес әрекет:</p> <p>Таяқшалар мен ұсақ тастарды жинау, реттеу.</p> <p>Бақылау: Суық ауаны сезіну, мұрынмен терең тыныс алу.</p> <p>Еңбекке баулу: Сырт киімдерді реттеп қоюға көмектесу (тәрбиешінің басшылығымен).</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Аю ояныпты» — тәрбиеші аюша ырылдайды, балалар тығылады.</p> |
| Серуеннен оралу   | <p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. <b>(дербес қимыл әрекеті).</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Түскі ас          | <p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру</p>                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |

|                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                                               | <p>балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> <p>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.</p> <p>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.</p> <p>Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.</p> <p>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>                                   |                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                                                                                                                                          | <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>)</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>                                                                                                             | <p><b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</p>                                                                                                                                                  |                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                     |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p><b>«Күн шықты»</b><br/> <b>Ойын әрекеті:</b><br/> Балалармен «күн мен жаңбыр» қимылды ойыны өткізіледі. «Күн шықты» дегенде балалар қолдарын жоғары көтеріп, айналып жүреді, «жаңбыр жауды» дегенде отырып, басын жабады. Кейін «күн жылы» дегенде балалар алақандарын жайып, «жылуды» сезінгендей әрекет жасайды. Ойын арқылы көңілді эмоция қалыптасады.</p> <p><b>Коммуникативтік дағды тіл дамыту:</b><br/> «Күн», «жылы», «жарық», «шықты» сөздері енгізіледі. Балалар қимылмен бірге «күн шықты», «күн жылы» деп қайталайды. Тәрбиеші «күн қандай?» деп сұрап, «жылы», «жарық» жауаптарын</p> | <p><b>«Сумен ойнаймыз»</b><br/> <b>Ойын әрекеті:</b><br/> Балаларға су құю ойыны ұсынылады. Бір ыдыстан екінші ыдысқа су құяды, қасықпен алып көреді. «Күй», «төкті», «ал» сөздері қолданылады. Балалар судың қозғалысын қызығушылықпен бақылайды.</p> <p><b>Коммуникативтік дағды тіл дамыту:</b><br/> «Су», «күй», «төгу», «суық», «көп», «аз» сөздері енгізіледі. Балалар «су құйдым», «су көп», «су аз» деп айтуға үйренеді.</p> <p><b>Көркем әдебиет:</b><br/> Су туралы қысқа тақпақ оқылады. Балалар бірге қайталайды, «су қандай?» деген сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Танымдық дағды сенсорика:</b><br/> Судың көлемін салыстыру жүргізіледі. Балалар</p> |  | <p><b>«Гүлдер өседі»</b><br/> <b>Ойын әрекеті:</b><br/> Балалар «гүл болып өсеміз» ойынын ойнайды. Отырған күйден баяу тұрып, қолдарын жоғары көтереді. «Өсті», «гүл ашылды» деген сөздермен бірге қимыл жасайды.</p> <p><b>Коммуникативтік дағды тіл дамыту:</b><br/> «Гүл», «өсті», «әдемі», «иіс» сөздері енгізіледі. Балалар «гүл әдемі», «гүл өсті» деп айтуға жаттығады.</p> <p><b>Көркем әдебиет:</b><br/> Гүл туралы тақпақ оқылады. Балалар бірге қайталайды, эмоциямен айтуға тырысады.</p> <p><b>Танымдық дағды сенсорика:</b><br/> Түрлі түсті гүлдер көрсетіледі. Балалар түстеріне қарай ажыратып, топтастырады.</p> | <p><b>«Жазда ойнаймыз»</b><br/> <b>Ойын әрекеті:</b><br/> Балалар «жазғы ойындар» ойынын ойнайды. Жүгіру, секіру, доп лақтыру әрекеттері орындалады. «Жүгір», «секір», «ұста» сөздері қолданылады. Балалар еркін қозғалып, қуаныш сезімін білдіреді.</p> <p><b>Коммуникативтік дағды тіл дамыту:</b><br/> «Жаз», «ыстық», «көңілді», «ойнау» сөздері бекітіледі. Балалар «жазда ойнаймыз», «көңілді» деп айтуға үйренеді.</p> <p><b>Көркем әдебиет:</b><br/> Жаз туралы өлең қайталанатын. Балалар бірге айтуға тырысады.</p> <p><b>Танымдық дағды сенсорика:</b><br/> Түстер мен пішіндерді қайталау, аралас заттарды ажырату тапсырмалары беріледі.</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                 |  |                                                                                                                                                   |                                                                                                                                       |
|--------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          | <p>бекітеді.</p> <p><b>Көркем әдебиет:</b><br/>Күн туралы қысқа тақпақ мәнерлеп оқылады. Балалар тәрбиешімен бірге қайталап, қол соғып айтуға тырысады.</p> <p><b>Танымдық дағды сенсорика:</b><br/>Сары түсті заттар ұсынылады. Балалар оларды таңдап алып, бір жерге жинайды. «Сары күннің түсі» деп байланыс жасалады.</p>                                                                                                                                                                                                      | көп және аз суды ажыратады, ыдыстарды салыстырады.                                                                                              |  |                                                                                                                                                   |                                                                                                                                       |
| <b>2-ші таңғы ас</b>     | <p>2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (<b>мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті.</b></p> <p>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау).</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                 |  |                                                                                                                                                   |                                                                                                                                       |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b></p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p> |                                                                                                                                                 |  |                                                                                                                                                   |                                                                                                                                       |
| <b>Серуен</b>            | <p><b>Бақылау: Құстар дауысы</b><br/>Құстар дыбысын тыңдау.<br/><b>Дербес әрекет:</b><br/>Тыңдау.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | <p><b>15-күн</b><br/><b>Бақылау: Жапырақ</b><br/>Жапырақты қарау.<br/><b>Дербес әрекет:</b><br/>Жапырақпен ойнау.<br/><b>Еңбекке баулу:</b></p> |  | <p><b>Бақылау: Ауа</b><br/>Таза ауа туралы айту.<br/><b>Дербес әрекет:</b><br/>Дем алу жаттығуы.<br/><b>Еңбекке баулу:</b><br/>Аумақты жинау.</p> | <p><b>Бақылау: Табиғат</b><br/>Қоршаған ортаны жалпы бақылау.<br/><b>Дербес әрекет:</b><br/>Еркін ойын.<br/><b>Еңбекке баулу:</b></p> |

|                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                       |  |                                                                                       |                                                                                                                                            |
|---------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                   | <p><b>Еңбекке баулу:</b><br/>Алаң тазалау.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Құсты тап»</p> <p><b>Шарты:</b><br/>Дыбысқа қарай табу.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | <p>Жинау.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Жапырақтар»</p> <p><b>Шарты:</b><br/>Ұшқандай қозғалу.</p> |  | <p><b>Қимылды ойын: «Кім тез?»</b></p> <p><b>Шарты:</b><br/>Белгі бойынша жүгіру.</p> | <p>Барлық ойыншықтарды жинау.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Еркін ойын»</p> <p><b>Шарты:</b><br/>Балалар өз қалауы бойынша ойнайды.</p> |
| <b>Серуеннен оралу</b>                            | <p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. <b>(дербес қимыл әрекеті).</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                       |  |                                                                                       |                                                                                                                                            |
| <b>Түскі ас</b>                                   | <p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> <p>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.</p> <p>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.</p> <p>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.</p> <p>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру</b></p> |                                                                                                       |  |                                                                                       |                                                                                                                                            |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                              | <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b></p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. <b>(Музыка)</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                       |  |                                                                                       |                                                                                                                                            |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары</b> | <p><b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.<b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).<b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту).<b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                       |  |                                                                                       |                                                                                                                                            |
| <b>Бесін ас</b>                                   | <p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау,</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                       |  |                                                                                       |                                                                                                                                            |

|                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                                                      | <p>ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| <p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b></p> | <p><b>Әлеуметтік дағды қоршаған әлеммен таныстыру:</b><br/>Күннің адамдарға жылу мен жарық беретіні қарапайым түрде түсіндіріледі. Балалар «күн бізді жылытады» дегенді қайталайды.<br/><b>Шығармашылық дағды сурет салу:</b><br/>Балалар дөңгелек пішін салып, одан сәулелерін тік сызықтармен шығарады. Әр бала өз «күнін» салады.<br/><b>Шығармашылық дағды мүсіндеу:</b><br/>Ермексазdan домалақ пішін жасап, оны «күн» деп атайды. Саусақпен жайып, сәуле жасауға тырысады.<br/><b>Шығармашылық дағды жапсыру:</b><br/>Сары дөңгелекті қағазға жапсырып,</p> | <p><b>Әлеуметтік дағды қоршаған әлеммен таныстыру:</b><br/>Судың тазалыққа, жууға қажет екені түсіндіріледі. Балалар қол жуу әрекетін қайталайды.<br/><b>Шығармашылық дағды сурет салу:</b><br/>Толқын тәрізді сызықтар салынып, «су» бейнесі жасалады. Қимыл еркіндігі дамиды.<br/><b>Шығармашылық дағды мүсіндеу:</b><br/>Кішкентай домалақ пішіндер жасап, «су тамшысы» деп атайды.<br/><b>Шығармашылық дағды жапсыру:</b><br/>Көк түсті пішіндерді қағазға жапсырып, «су» немесе «көл» бейнесін құрастырады.<br/><b>Шығармашылық дағды құрастыру:</b><br/>Текшелерден «көпір»</p> |  | <p><b>Әлеуметтік дағды қоршаған әлеммен таныстыру:</b><br/>Гүлге су құю, күту керек екені түсіндіріледі. Балалар «су құямыз» деп әрекет жасайды.<br/><b>Шығармашылық дағды сурет салу:</b><br/>Дөңгелек және сызықтарды біріктіріп гүл бейнесін салады.<br/><b>Шығармашылық дағды мүсіндеу:</b><br/>Гүлдің қарапайым пішінін жасап, бөліктерін біріктіреді.<br/><b>Шығармашылық дағды жапсыру:</b><br/>Гүлдің бөліктерін (ортасы, жапырағы) жапсырып, толық бейне құрастырады.<br/><b>Шығармашылық дағды құрастыру:</b><br/>Текшелерден «гүлзар» немесе «бақша» құрастырады.</p> | <p><b>Әлеуметтік дағды қоршаған әлеммен таныстыру:</b><br/>Жаз мезгілінде балалардың ойнайтыны, демалатыны туралы түсінік беріледі. Бірге ойнау мәдениеті бекітіледі.<br/><b>Шығармашылық дағды сурет салу:</b><br/>Балалар өз қалауы бойынша сызықтарды біріктіріп, жазға байланысты бейне салады.<br/><b>Шығармашылық дағды мүсіндеу:</b><br/>Еркін пішіндер жасап, ойыншық ретінде қолданады.<br/><b>Шығармашылық дағды жапсыру:</b><br/>Өртүрлі пішіндерден жазғы көрініс құрастырады.<br/><b>Шығармашылық дағды құрастыру:</b><br/>Балалар бірігіп «ойын алаңы» құрастырады,</p> |

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                               |  |                                                                                                  |                                                                                        |
|------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|
|                              | айналасына жолақтар жапсырып күн бейнесін құрастырады.<br><b>Шығармашылық дағды құрастыру:</b> Сары текшелерді пайдаланып, «күн сәулесі» немесе «жарық үй» құрастырады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | жасап, оның астынан ойыншық өткізіп көреді.                                   |  |                                                                                                  | бірге әрекет ету дағдылары бекітіледі.                                                 |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | <b>Динана Сурет салу:</b> Дөңгелек салу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | <b>Керейхан Тіл дамыту:</b> Қарапайым сөз тіркестерін айту.                   |  | <b>Өмір Мүсіндеу:</b> Созу әдісі.                                                                | <b>Айкөркем Сенсорика:</b> Түрлі түсті сақиналарды топтау.                             |
| <b>Кешкі ас</b>              | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>                   |                                                                               |  |                                                                                                  |                                                                                        |
| <b>Серуенге дайындық</b>     | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b> |                                                                               |  |                                                                                                  |                                                                                        |
| <b>Серуен</b>                | «Шеңберге кір»<br><b>Шарты:</b> Музыка тоқтағанда балалар шеңбер ішіне кіреді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | «Ит пен мысық»<br><b>Шарты:</b> Біреуі ит, біреуі мысық, ит мысықты қуалайды. |  | «Жел соқты»<br><b>Шарты:</b> «Жел» дегенде балалар жан-жаққа жүгіреді, «тыныш» дегенде тоқтайды. | Аю оянды»<br><b>Шарты:</b> Бір бала аю, қалғандары жай жүреді, аю ояғанда бәрі қашады. |
| <b>Серуеннен оралу</b>       | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                               |  |                                                                                                  |                                                                                        |

|                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                               | киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>Балалардың үйге қайтуы</b> | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) <b>Өнегелі 15 минут</b> |